

- **Өзбекстан**

Орталық Азия
елдеріндегі
жемқорлықпен күрес
даңғаза декларацияға
айналып кетті



Сыбайлас жемқорлық Орталық Азия мемлекеттері өмірінің ажырамас бөлігі болып отыр. Бақылаушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың нәтижесіз болуы биліктің бұған қарсы күресуге ықылас танытпауына байланысты дегенді атап өтеді.

Өзбекстан президенті Шавкат Мирзоёв:

Ішкі бақылаушылардың айтуынша, Өзбекстанда сыбайлас жемқорлық күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Сарапшылар сыбайлас жемқорлық мемлекеттік органдардың, билік құрылымдарының жұмыстарында, білім беру, ғылым, медицина және сауда салаларында ерекше байқалатынын атап өтуде. Өзбек саясатшысы Ташпулат Юлдашев елдегі бұл кемшілікті жоюға бірнеше жылдар керек болады деп есептейді. Оның айтуынша, Өзбекстанда кез-келген жауапты қызмет үшін берілуге тиіс параның өз бағалары болады. Төмен дәрежедегі шенеунік жоғарыда отырғандарға өзінің сол орны үшін салық төлеп отырады, кейін ол төлемді қарапайым адамдардан заңсыз жиналған қаржыдан толтырады.

Өзбек саясатшысы Ташпулат Юлдашев тіпті елде сыбайлас жемқорлықпен сырт көз үшін де күрес жүргізілмейтінін айтады:

Елде бұл кесел жоғарыдағы биліктен басталып отыр. Парасыз ешқандай келісім шарттың жасалуы немесе қандай да бір лауазымға қол жеткізу мүмкін емес. Өзбекстанда кеңестік заманда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң болған, 10 жылдан бері ол заң күшін жоғалтты. Тіпті елде бұл дертпен сырт көз үшін де күрес жүргізілмейді. Президент қандай да бір сыбайлас жемқор шенеунікті халық алдында әшкерелейді. Нәтижесінде соңғысы шартты түрде жазаланады. Тыңдаусыз кеткен шенеуніктерді мемлекеттік аппаратан қуып жіберуі мүмкін.



Өзбекстан бас прокурорының бұрынғы орынбасары Ұлықбек Суннатовқа қылмыстық іс қозғалды. 45 жастағы полковникті прокуратура қызметкерлері 24 ақпанда өз үйінде ұстаған. Шенеунік тергеу сұрақтарына жауап бере бастады, деп хабарлады Орталық Азия жаңалықтар қызметі.

2017 жылдың аяғынан бастап Ташкент облысының прокуроры болып істеген Ұлықбек Суннатов биыл 5 қаңтарда "жұмыстағы өрескел қателігі үшін" президент жарлығымен жұмыстан алынған. Бас прокуратура қызметкерінің хабарлауынша, Суннатов бұрынғы бас прокурор Рашид Кадыровқа қатысты қозғалған қылмыстық іс аясында тұтқындалған. Кадыровтың ұсталғаны 22 ақпанда белгілі болған. Дереккөз мәліметіне қарағанда, қазір Ұлықбек Суннатовты Бас прокуратура ғимаратында тергеп жатыр. Ол "қызмет бабын асыра пайдалану" және "пара алу" қылмыстарын жасады деген күдікке іліккен. Бұнымен қоса Суннатов Өзбекстан Ұлттық Паралимпиада қауымдастығы төрағасы қызметінен босатылды.

Гульнар Каримова қанша
пара алған?

VimpelCom (TM Beeline) халықаралық телекоммуникация компаниясы өзінің Өзбекстандағы жұмысына қатысты жемқорлық тексеруді тоқтатудың өтеуі үшін айыппұл төлеуге дайын екенін мәлімдеді.

- Бермуд аралдарында тіркелген және штаб-пәтері Голландияда орналасқан компанияның қаржы есебінде VimpelCom АҚШ-тың құнды қағаздар мен биржалар жөніндегі Комиссиясымен, АҚШ әділет министрлігі және Голландияның Бас прокуратураасымен осындай алдын-ала келісімге келгені туралы хабарланған.
- АҚШ пен Голландия тергеу орындары негізгі акционерлері норвегиялық Telenor және ресейлік Altimо компаниялары боп табылатын VimpelCom-нан Өзбекстан президентінің үлкен қызы Гүлнәр Каримоваға ірі көлемде пара берді деп күдіктенеді.
- 17 ақпан күні жарияланған VimpelCom-ның жылдық есебінде «компанияның Өзбекстандағы бизнесі және оның Takilant Ltd. компаниясымен бұрынғы келісімдеріне қатысты тергеу» туралы айтылады. Takilant Ltd. фирмасы Гүлнәр Каримованың құрбысы және “оң қолы” Гаяна Авакянға тиесілі.
- Компания есебінде: «АҚШ-тың құнды қағаздар мен биржалар жөніндегі Комиссиясымен, АҚШ әділет министрлігі және Голландияның Бас прокуратурасымен қол жеткен алдын-ала келісімге сәйкес, компания мен оның бірқатар филиалы АҚШ-тың шетелдегі жемқорлық әрекеті туралы Заңын және осындай голландиялық заңдарды бұзғанын мойындайды, соған орай АҚШ пен Нидерландының құзырлы органдарына айыппұл төлеуге әзір. Бұл ақшаның сомасы бұған дейін жемқорлық ісі туралы тергеу шығындары үшін алдын-ала бөлініп қойған сомадан аспайды», — делінеді.
- Былтыр қарашада VimpelCom “өзбек ісі” бойынша айыппұл төлеуі мүмкін екенін ескеріп 900 миллион доллар дайындап қойғанын хабарлаған еді.
- Өзбекстанның мобильді баланыс нарығына шыққан VimpelCom Ltd., МТС және швед-фин компаниясы TeliaSoneraға қатысты жемқорлық дауы 2012 туды. Америкалық және еуропалық құқық қорғау органдары аталған компаниялар осы елде жұмыс істеу үшін Өзбекстан президенті Ислам Каримовтың үлкен қызы 1 миллиард АҚШ доллары көлемінде пара берді деген күдікпен тергеу амалдарын бастаған еді.

Ирак

Ирак: мемлекет қаржысын жымқырған мыңға жуық шенеунік қамауға алынды Ирак Бас прокуратурасы мемлекет қаржысын жымқырды деген күдікпен мыңға жуық шенеуніктің қамауға алынғанын хабарлады. Жемқорлар тізіміндегі 997 адамның 57-сі жоғары лауазымды мемлекеттік қызметкерлер. Араларында елдің Сауда министрі Абдул Салах Судани де бар. «Қызмет бабын асыра пайдаланды» деген айыппен екі күн бұрын ғана отставкаға жіберілген еді. Қазір бұл істі премьер-министр Нүри әл-Мәлики жеке бақылауына алып отыр. Жемқорлықпен күрес басқармасының деректері бойынша, соңғы екі ай ішінде ғана мемлекет есебінен пайда тапқысы келген 120 шенеунік қамауға алынған. “Транперенси Интернешнл” халықаралық тәуелсіз сараптама агенттігінің рейтингінде Ирак жемқорлық жайлаған елдердің алғашқы үштігіне енгізіліпті.

Ирак премьері 123 шенеунікті жұмыстан босатты



- Ирак премьер-министрі Хайдар әл-Абади коррупциямен күресте сылбырттық танытып, үкіметте дұрыс жұмыс істемегені үшін 123 шенеунікті жұмыстан босатқаны туралы қыркүйектің 9-ы күні мәлімдеген.
- Абади жұмыстан босатылған шенеуніктердің бір бөлігі зейнеткерлікке шығатынын айтқан. Бірақ ол нақты қай ведомствалар қызметкерлері жұмыстан кеткенін нақтылаған жоқ.
- Өткен айда Иракта бірнеше қалада биліктегі коррупцияға қарсы шерулер өткеннен кейін премьер Абади елде бірқатар реформалар жасайтынын, үкіметте қысқарту болатынын айтқан еді.
- Атап айтқанда Абади үш вице-президент пен үш вице-премьер қызметін, министрлер санын, сонымен бірге саясаткерлерді қорғау қызметіне жұмсалатын шығынды қысқартқан. Бұған қоса премьер елде партия және діни ұйымдары мүшелеріне бөлінген квота негізінде қызметке тағайындау жүйесін де жойған. Ондай жүйеге қарсылар көп жағдайда жауапты қызметтерге біліксіз кандидаттар тағайындалады деп сынаған еді.

Ирақтың мемлекеттік қызметшілері Қазақстанда оқытылатын болады
Бүгін Ирак тарапының бастамасымен Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасы Алик Шпекбаев Ирак Республикасының Қазақстан Республикасындағы сенімді өкілі Юнус Салим Сархан Аль-Шахманмен кездесті.

Алик Шпекбаев Агенттікпен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының базасында Ирак Республикасының мемлекеттік қызметшілерін оқыту мүмкіндігі қарастырылатындығын айтты.

Атап айтқанда, мемлекеттік басқарудың негіздері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру, жобаларды басқару, мемлекеттік басқару жүйесіндегі көшбасшылықты, стратегиялық менеджментті оқыту көзделуде. «Ирак әріптестерін Қазақстанда оқыту мемлекеттік қызметтің сапасы мен мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру бойынша казакстандық тәжірибені халықаралық деңгейге

ді», - деді Агенттік Төрағасы

